

Жоба атауы, ИРН	AP13268778 - Қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтары: этнопсихолінгвистикалық зерттеу
Орындалу мерзімі	12.05.2022-31.12.2024
Жоба жетекшісі	Кузембаева Гульжана Айтжановна, филол.ғ.к., Ph.D., Ағылшын және неміс тілдері кафедрасының доценті
Реферат	<p>Қазақ этносы өкілдерінің дәстүрлі құндылықтары мен мәдени маңызды шындықтарын концептуализациялау жолдарын сипаттау қазақ тілі мен мәдениеті иелері тілдік санасының этнопсихолінгвистикалық зерттеуін көздейді, ол ассоциативті өрістердің гештальттарын модельдеу және қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтарының сөздігін құрастыру үшін жаппай ассоциативті эксперименттер жүргізуді талап етеді.</p> <p>Қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтарын зерттеу құнды ақпарат көзі және қазақ этносы өкілдерінің тілдік санасының мазмұнын және оның ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтаудың тиімді жолы болып табылады. Мәдени әмбебаптар табиғат пен қоғамды түсіну үшін категориялық-концептуалды матрицаны анықтайды, демек, этикалық сананың, оның ішінде тілдік сананың категорияларын белгілейді.</p> <p>Зерттеудің маңыздылығы гуманитарлық білімнің антропоцентристік парадигмасы аясында адамның дүниені қабылдауы мен оның тілдік бейнеленуі арасындағы байланысты зерттеуге деген сөзсіз қызығушылықпен, қазақ тіліндегі негізгі құндылықтар мен қазақ тілі мен мәдениеті иелерінің тілдік санасындағы қазіргі кезеңдегі мәдени-маңызды шындықтардың этникалық ерекшеліктерін анықтау маңыздылығымен, сонымен қатар этнолінгвистикалық, әлеуметтік және мәдениетаралық зерттеулердің аясын кеңейтуді көздейтін қазақ тіліндегі эмпирикалық материал бойынша зерттеу және нәтижелер (өнім) алудың ғылыми-әдістемелік құралдарын әзірлеу қажеттілігімен айқындалады. Республикада және шетелде теңдесі жоқ қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтарының сөздігі (соның ішінде ассоциативті зерттеулер негізінде) үшін бірегей материалды жинақтау және жүйелеу қазақ тілі мен мәдениетін қалың жұртшылық арасында кеңінен насихаттауға және әртүрлі этностар мен мәдениеттердің өкілдерімен табысты мәдениетаралық өзара әрекеттесуге ықпал етеді.</p>
Мақсаты	Қазақ этносы өкілдерінің тілдік санасындағы дәстүрлі негізгі құндылықтар мен мәдени маңызды шындықтарды концептуализациялау жолдарын сипаттау.
Күтілетін нәтижелер	<p>Қазақ этносы өкілдерінің мәдени-менталды ерекшеліктері мен адамгершілік нормаларын айқындайтын ынталандырушы сөздердің тізімі жасалады.</p> <p>Ынталандырушы сөздерге реакция алу үшін қазақ тілі мен мәдениеті иелерімен жаппай ассоциативті эксперименттер жүргізіледі.</p> <p>Тілдік санада көрініс тапқан қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтарының (жалпы адамзаттық және этноспецификалық) гештальттары модельделіп, одан туындайтын ассоциативті реакциялар түсіндіріледі.</p>

	Монографияға (ассоциативті сөздік) материал дайындалады, мақалалар жариялау арқылы зерттеу нәтижелері ғылыми ортада және қалың көпшілік арасында танымал етіледі.
Зерттеу тобы	<i>Жетекші:</i> Кузембаева Гульжана Айтжановна, филол.ғ.к., Ph.D., Хирш индексі – 2, Scopus Author ID: 57211602995, ResearcherID: J-2591-2015, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8964-3683 <i>Ғылыми кеңесші:</i> Дмитрюк Наталья Васильевна, филол.ғ.д., профессор, Хирш индексі – 4, Scopus Author ID: 57224322854, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8527-0338
Ғылыми басылымдардағы жарияланымдар	1. Kuzembayeva G.A., Shonmurinov T.E. Religion in Linguistic Consciousness of Kazakh Ethnicity. Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Серия Филология. №3 (140), С. 32-40. 2022. https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/22/3 2. Kuzembayeva G.A., Dmitryuk N.V. Psycholinguistic Study of Values of Kazakh Language and Culture Bearers. Psycholinguistics in a Modern World – 2022. Proceedings of the 17th International Scientific and Practical Conference. Pereiaslav, Ukraine, 2022. pp. 58-62. https://doi.org/10.31470/2706-7904-2022-17-58-62 3. Кузембаева Г.А. Қазақ лингвомәдениетіндегі «еңбек» ассоциативті өрісі. Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. №4, 168-177. 2022. https://doi.org/10.48081/UNQY7861